

Индер ауданында кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған жастар қатарындағы білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 245 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 3710 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы № 60 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 20.03.2024 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 16.11.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 37-бабын, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабын басшылыққа алғып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13898 болып тіркелген) бүйріғы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйымдардағы қызметкерлердің тізімдік санының бір пайызы мөлшерінде Индер аудандық ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтардың жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарынан квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 16.11.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Балахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Арыстан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК